



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ**

№ 022 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗІ

2003 жылғы 3 қыркүйек

Халықаралық резервтер және ақша базасы туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің халықаралық резервтері (Ұлттық Қордың ақшасын ескермей) және ақша базасы 2003 жылғы тамызда мынадай болды:

	Ағымдағы бағамен	Тұрақты бағамен*
Таза халықаралық резервтер, млн.долл.	4573,2	4525,0
Оның ішінде		
ЕАВ таза активтер**	3940,1	3940,1
Алтын	633,1	584,9
Ақша базасы, млрд. теңге	260,0	260,0
KZT/USD (кезең аяғында)	147,36	155,85
Алтынның бағасы (1 трой унциясы үшін USD-мен)	371,00	342,75

* теңгенің АҚШ долларына бағамы және алтын 2002 жылдың аяғындағы бағамен көрсетілген

** ЕАВ-мен таза активтер – бұл ЕАВ-ғы жалпы активтер мен міндеттемелер арасындағы айырмашылық

2003 жылғы тамызда Ұлттық Банктің халықаралық резервтері төмендей түсті.

Таза халықаралық резервтердің ағымдағы бағасы 2,6%-ке (немесе 123,6 млн.долл.) өсті. Қаржы министрлігінің сыртқы борышына және Ұлттық қордың активтерін толықтыру жөніндегі операцияларды қоса алғанда, ішкі валюта рыногында Ұлттық Банктің операциясына қызмет көрсету таза валюта қорларының (ЕАВ) 152,3 млн.долларға төмендеуіне ықпал етті. Алтынмен активтер Ұлттық Банк жүргізген операциялар және оның әлемдік рыноктардағы бағасының 4,3%-ке көбеюі нәтижесінде 28,7 млн. долларға өсті.

Тұрақты бағамен Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері 3,2%-ке төмендеді, ЕАВ-мен таза активтер – 3,7%-ке, алтынмен активтер – 0,4%-ке көбейді.

Елдің халықаралық резервтері жалпы алғанда (ағымдағы бағамен) яғни, Ұлттық Қордың ақшасын (алдын-ала деректер бойынша – 2691,3 млн. долл.) қоса алғанда 7270,1 млн. долл. болды. Өткен айға өсімі – 1,5 % болды.

2003 жылғы тамыз айында Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтерінің өсуі (Үкіметтің шоттарының көлемінің төмендеуі) ақша базасының 1,1%-ке (немесе 2,7 млрд. теңгеге) кеңеюіне себепші болды.